3Dali Kids
төмен температуралы 3D қаламы

4+

Шешім бар
ДАДЖЕТ
dadget.ru

Пайдаланушы нұсқаулығы



Сізге біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Төменде көрсетілген барлық сақтық шараларын қатаң сақтаңыз! Бұл төмен температуралы 3D қаламының қызмет мерзімін арттырады (төмендегі ережелер жоғары температуралы 3D қаламдарына сәйкес келмейді және олардың бұзылуына әкелуі мүмкін). Сақтық шараларын сақтамау 3D қаламының бұзылуына әкеледі және тауарды қайтаруға себеп бола алмайды.

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

1. Пластикті қаламға салмас бұрын, пластиктің ұштары біркелкі кесілгеніне көз жеткізіңіз.



2. Сурет салу уақытында пластикті ауыстыру кезінде, егер оның кесіндісі 3D қаламының ұшындағы жүктеу тесігінен шықса, "Пластикті түсіру" батырмасын басу арқылы алдыңғы пластиктің қалдықтарын алып тастауды ұмытпаңыз. Егер 3D қаламында пластик қалса, бірақ ол толығымен беру арнасында болса, пластикті шүмектен беру тоқтағанға дейін оны пайдаланыңыз.

3. Ешқандай жағдайда жұмыс аяқталғаннан кейін пластикті қаламда қалдырмаңыз, бұл пластиктің қатаюына және болашақта қаламды пайдалану мүмкін болмай қалуына әкеледі. Жұмысты аяқтағаннан кейін пластикті дереу қаламнан алыңыз немесе қолданыңыз (егер оның бөлігі беру тесігінен шықпаса).

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СЫРТҚЫ ТҮРІ



ЖИЫНТЫҚТЫЛАУ

- 3D қалам
- USB-кабель
- USB-бейімдегіш DC 5В 2А
- PCL пластик жиынтығы
- Сәндік құйрық
- Жұмыс беті
- Трафареттер жиынтығы
- Пайдаланушы нұсқаулығы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Бұл құрылғы ересектер мен 4 жастан асқан балаларға жарамды. Балалардың ересектердің қарауынсыз пайдалануына 12 жастан бастап жол беріледі.
- Қаламның ұшына қолыңызды 1 секундтан артық ұстамаңыз, температура 80°C жетуі мүмкін.
- Пластикалық тесікке бөгде заттарды салмаңыз және керамикалық шүмекті соққылардан сақтаңыз. 3D қаламы сезімтал электр компоненттерінен тұрады. Оны оттың, ылғалдың, шаңның және жоғары вольтты электр энергиясының әсерінен сақтаңыз.
- Тек USB бейімдегішін немесе DC 5V 2A USB портының шығыс сипаттамалары бар сыртқы аккумуляторды пайдаланыңыз.
- Тек жоғары сапалы PCL пластигін қолданыңыз.
- Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ



1. USB кабелін және желілік бейімдегішті немесе сыртқы батареяны қаламға қосыңыз. Сіз "Куте тұрыңыз!» деген дауыстық сигналды естисіз. 30-40 секундтан кейін шүмек қызған кезде сіз "Басталды!» деген сигналды естисіз

2. Пластиктің берілу жылдамдығын таңдаңыз. Қалам таңдалған жылдамдық туралы дауыстық хабарламамен хабарлайды ("Баяу" / "Орташа жылдамдық" / "Жылдам").





3. Жүктеу үшін пластикті тесікке салыңыз (тереңдігі 5-6 см) және пластикті беру батырмасын басыңыз. Пластиктің берілуін тоқтату үшін пластикті беру батырмасын тағы бір рет басыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Сурет салу кезінде шүмекті ұстамаңыз.



4. Пластикті ауыстыру үшін пластикті түсіру батырмасын басыңыз. Пластик беру тесігінен шығуды тоқтатқан кезде, оны тартыңыз және оны толығымен алыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Пластикті алу кезінде, оның қозғалысы тоқтағанша оны беру тесігінен тартпаңыз – бұл моторды зақымдауы мүмкін.

СИПАТТІЗІМ

- Басып шығаруға арналған пластик: PCL 1,75 мм.
- Қолдану: 3D үлгілеу
- Беру жылдамдығы: реттелетін
- (3 режим)
- Қыздыру температурасы: 75-тен 80°C-қа дейін реттеледі
- Қуат көзі: 5В 2А
- Кепілдік мерзімі: 12 ай

АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Мәселенің сипаты	Ықтимал себебі	Шешу жолдары
Индикатор жанбайды	• Қуат бейімдегіші	• Қуат бейімдегішін тексеріңіз
	• Баспа тақтасы	• Құрылғыны ауыстыру
	• Қосу ұяшығы	• Құрылғыны ауыстыру
Пластик шүмектен шықпайды	• Пластик шүмекте тығылып қалды	• Қаламды «Бастау» дыбыстық сигналына дейін қыздырыңыз. Әрі қарай «Құрылғымен жұмыс істеуге дайындық» бөліміндегі 2, 3 тармақтарды орындаңыз
	• Пластик бітіп қалды	• Жаңа пластикті салыңыз
	• Тақтамен мәселелер	• Құрылғыны ауыстыру

Егер құрылғы дұрыс жұмыс істемесе, тегін ауыстыру қарастырылған.
Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласыңыз: 8 800 700-08-34,
e-mail: info@dadget.ru www.dadget.ru

Сауда белгісі: «ДАДЖЕТ»
Артикулы: FB0120
Дайындалған елі: Қытай
Өндірілген: Shenzhen Etsair Technology Co., Ltd.

«Даджет» ЖШҚ пайдалану ережелерін сақтай отырып, 3Dali Kids 3D қаламының қызмет мерзімін 3 жылға белгілейді. Егер Пайдаланушы нұсқаулығы басқа шектеуді белгілемесе, қызмет мерзімі бұйымның дайындалған күнінен бастап есептеледі.
Мына техникалық талаптарға сәйкес келеді:

- Кеден Одағының «Төмен вольтті жабдық қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті (КО ТР004/ 2011);
- Кеден Одағының «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» техникалық регламенті (КО ТР 020/011).